

**«КЕЛІСЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің I Вице-ректоры

Ж.Томар  
«16» 01 2022 ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің ректоры

Ж. Темирбекова  
«16» 01 2022 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

**УЕ-ХҚТУ-076-2022**

**ЖОҒАРЫ БІЛІМНЕҢ КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ  
БОЙЫНША ДИССЕРТАЦИЯ/ЖОБА ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Ғылым департаментімен өзірленді және енгізілді
2. Әзірлегендер: – Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
3. Келісілді: – Ғылыми зерттеулер болімінің мамандары  
М.Сайдуганиева, А. Нургожаев  
– Медицина факультетінің PhD, аға оқытушысы  
Ф. Саржанов  
– Жоғарғы білімнен кейінгі оку бөлімінің басшысы  
Г. Балкибаева  
– Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры  
А.Ошибаева  
– Академиялық мәселелер вице-ректоры  
Э.Идрисова  
– Қаржы және халықаралық байланыстар  
вице-ректоры Пусат Пилтен  
– Заң болімінің басшысы Г. Мусаханов
4. ЕҢГІЗІЛДІ
5. Тексерілу мерзімі 2022 ж.  
2024 ж.

**Кызметтік қолданыс үшін басылым**

Түркістан, 2022

Қ.А. Ясауи атындағы ҲҚТУ
Сапа-менеджменті бакалавриаты
ТЕКСЕРІЛДІ:
« <u>16</u> » <u>02</u> 2026ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:
« <u>16</u> » <u>02</u> 2026ж.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Казақ-Түрік Университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
Жұмыс дәнасы
No <u>169</u> 01 2026
« <u>16</u> » <u>01</u> 2026

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 2 – ші беті

### Мазмұны

1.	Колданылу саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	4
4.	Жауапкершілік	4
5.	Жалпы ережелер	4
6.	Диссертация/жобаны рәсімдеу ережелері	4-6
7.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
8.	Келісу, сактау және тарату	7
9.	Қосымшалар	8-20

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҮЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 3 – ші беті	

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің (бұдан әрі - университет) магистратура даярланатын бағыттар/білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар диссертация жұмыстарын/жобаларын ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2 Бұл Ережені университеттің бітіруші курс магистранттарының магистрлік диссертацияларды/жобаларды жазу барысының талаптарын орындағанда пайдаланады.

1.3 Бұл Ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша жауапты барлық кафедраларына таратылады.

1.4 ҮЕ-ХҚТУ-076-2022 Ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университет ережесін даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заны (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 акпаңдағы N 407-IV «Ғылым туралы» Заны (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандарты», 2-қосымшасы. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бүйрүғы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оку процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бүйрүғы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйрүғы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» ҚР БФМ 2018 жылғы 13 қазандығы № 569 бүйрүғы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БФМ 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бүйрүғы, ҚР БФМ 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №507 бүйрүғы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БФМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бүйрүғы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- ҮЕ-ХҚТУ-062-2021 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже;
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

<b>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-076-2022</b>
<b>Сапа менеджменті жүйесі</b>	<b>Университет Ережесі</b>	
<b>Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі</b>		<b>20 беттің 4 – ші беті</b>

### **3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

#### **3.1 Анықтамалар:**

Магистрлік диссертация – университетте алғынған білімге негізделген, тиісті саладағы өзекті мәселелерді шешу бойынша теориялық және практикалық әзірлемелер мен ұсыныстарды қамтитын өзіндік ғылыми зерттеу.

Магистрлік жоба – университетте алған білімге негізделген, теориялық және тәжірибелік нәтижелері бар, тиісті саладағы өзекті мәселенің қолданбалы міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін зерттеу.

#### **3.2 Университеттің осы ережесінде төмендегі қолданылатын қысқартулар:**

ХҚТУ - Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; УЕ - Университет ережесі;

КР ГжЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі; МФЗЖ/ ЭФЗЖ – Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмысы;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы.

### **4. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парагына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі кафедра менгерушілеріне және факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

4.4 Осы ереже «ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару»-ға сәйкес басқару жауапкершілігі СДСО басшысына жүктеледі.

### **5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Бұл Ережені университеттің магистратура білім беру бағдарламалары негізінде білім алатын барлық білімгерлер диссертация/ жоба жазу кезінде негізгі нұсқаулық ретінде қолданады.

### **6. ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ЖОБАНЫ РӘСІМДЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

6.1 Магистрлік диссертацияның мазмұны келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) магистрлік диссертация/жоба қоргалатын даярлық бағытының негізгі мәселелер ауқымына сай келуі тиіс;

2) өзекті болып, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылы болуы тиіс;

3) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі жетістіктеріне негізделуі тиіс және онда нақты практикалық ұсыныстар, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдері қамтылуы тиіс;

4) озық ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы тиіс;

5) қоргалатын негізгі тұжырымдар бойынша ғылыми-зерттеу/эксперименттік зерттеу (әдістемелік, практикалық) (бұдан әрі – МФЗЖ/ЭФЗЖ) бөлімдері қамтылуы тиіс.

6.2 Магистрлік диссертация/жобаның мазмұны үшін оның авторы және жетекшісі жаупапты болып табылады.

6.3 Магистрлік диссертация келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 5 – ші беті

- мұқаба (бет санына кірмейді, Қосымша-1)
- титул параграфы (бет санына кіреді, нөмірленбейді, Қосымша-2);
- мазмұны (бет санына кіреді, нөмірленбейді, Қосымша-3);
- З тілдегі аннотация (жұмыс қазақ тілінде болса, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде, жұмыс орыс тілінде болса, қазақ, ағылшын және түрік тілдерінде Қосымша-4), мазмұнда көрсетіледі (бет санына кірмейді);
- нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда, бет санына кірмейді));
- анықтамалар (қажет болған жағдайда, бет санына кірмейді);
- бейлгілеулер мен қыскартулар (бет санына кірмейді);
- Кіріспе (нөмірленеді);
- негізгі бөлім (зерттеу әдістері, эксперименттік бөлім, талдау нәтижелері);
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (Қосымша-8);
- қосымшалар (қажет болған жағдайда, бет санына кірмейді)
- қосымшалар соңына ғылыми еңбектер тізімі (Қосымша-9) және ғылыми еңбек көшірмелері қоса беріледі.
- Нормабақылау паракшасы қоса тіркеледі (Қосымша-10)
- Ғылыми жетекші және рецензент пікірі қоса тіркеледі (Қосымша-11, Қосымша-12,)

6.4 Титул параграфы. Титул беті диссертацияның бірінші беті болып табылады және құжатты өндөу мен іздеуге қажетті ақпарат көзі қызметін атқарады.

Титулдық бетте келесі мәліметтер көрсетіледі:

- министрлік атауы;
- университет атауы;
- факультет және кафедра атауы (медицина саласы үшін тек факультет атауы көрсетіледі):
- әмбебап ондық жүйесі (ӘОЖ);
- шектеу грифі (қажет болған жағдайда);
- магистранттың тегі, аты, әкесінің аты;
- магистрлік диссертация тақырыбының атауы;
- ББ тобының коды мен атауы;
- берілетін дәреже, қорғауға жіберу туралы ректор бұйрығының номері және күні;
- кафедра менгерушісінің (медицина саласы үшін факультет деканы көрсетіледі) және ғылыми жетекшісінің тегі мен аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы;
- қала және жыл.

Титулдық парап диссертацияның жалпы беттерінің нөмірленуінде қамтылады. Титулдық беттің нөмірі жазылмайды. Титулдық парап 2 қосымшага сәйкес ресімделеді.

6.5 Мазмұны. Аннотация 4 қосымшага сәйкес ресімделеді және мазмұнның бір құрылымы болып табылады. Аннотация 200-250 дейін аралығындағы сөзді қурауы керек. Аннотация диссертацияның жалпы беттерінің санына кірмейді. Диссертацияның мазмұны кіріспені, барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың (атаулары болған жағдайда) реттік нөмірлері мен тақырыптарын, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және қосымшалардың атауларын қамтиды және онда диссертацияның осы аталған элементтері басталған беттердің нөмірлері көрсетіледі. Мазмұны 3 қосымшага сәйкес ресімделеді.

6.6 Нормативтік сілтемелер. «Нормативтік сілтемелер» атты құрылымдық элементінде диссертация мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар тізбесі қамтылады.

Анықтамалық стандарттар тізімі: «Бұл диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылады» деген сөздермен басталады.

Тізбеке стандарттардың белгілері және белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 6 – ші беті	

олардың атаулары енгізіледі.

6.7 Анықтамалар. «Анықтамалар» (қажет болған жағдайда) құрылымдық элементінде диссертацияда колданылатын терминдерді нақтылау үшін немесе белгілеу үшін қажетті анықтамалар қамтылады.

Анықтамалар тізбесі: «Бұл диссертацияда анықтамаларымен бірге төменде келтірілген келесі терминдер пайдаланылады» деген сөздермен басталады.

6.8 Белгілер мен қысқартулар. «Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементінде диссертацияда колданылған белгілер мен қысқартулар тізімі қамтылады.

Белгілер мен қысқартулар диссертацияның мәтінінде келтіру ретімен немесе әліпби ретімен беріліп, әрқайсысының түсіндірмесі жазылады.

Анықтамалар мен белгілерді және қысқартуларды «Анықтамалар, белгілер және қысқартулар» деп аталатын бір құрылымдық элементте қамтып келтіруге рұқсат етіледі.

6.9 Кіріспе. Такырыптың өзектілігі, шешілетін мәселенің қазіргі жай-күйінің бағалануы, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, нысаны және пәні, мәселенің тәжірибелік құндылығы мен әзірлену дәрежесі, ғылыми жаңалығы, зерттеу әдістері, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, әмпирикалық зерттеулер, алынған нәтижелер, инновациялар көрсетілуі тиіс.

6.10 Диссертацияның негізгі бөлімінде зерттеудің мәні мен негізгі нәтижелері егжей-тегжейлі қарастырылады. Жұмыстың негізгі бөліміндегі бөлімдердің (бөлімшелердің) саны оның мазмұнымен айқындалады (2-3 бөлім болуы шарт, зерттеу әдістемесі мен эксперименттік бөлімді қамтуы керек). Негізгі бөлім бөлімшелердің мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келуі, оны толық және дәйекті түрде ашып, кіріспеде тұжырымдалған міндеттерге сай болуы тиіс. Әрбір бөлімнің соңында автордың зерттелетін мәселе бойынша өз ұстанымы көрініс тауып, теориялық және практикалық қорытындылар мен ұсыныстар жасалуы тиіс.

Магистрлік диссертацияның негізгі бөлімнің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

1) зерттеу бағытын таңдау, соның ішінде зерттеу бағытын, міндеттерді шешу әдістерін және оларды салыстырмалы бағалауды негіздеу қажет және МҒЗЖ/ӘFЗЖ жүргізуін таңдалған жалпы әдістемесін сипаттау керек;

2) зерттелетін мәселенің ағымдағы жай-күйін, теориялық және эксперименттік зерттеулер үдерісін сипаттау, зерттеу нәтижелерін бағалау, міндеттерді шешудің ықтимал жолдарын тұжырымдау және талдау, сондай-ақ шешімнің нақты нұсқасын ұсыну қажет.

3) Қорытынды есептеу кестелері, түрлі талдаулар жүргізу үшін пайдаланылған көлемді бастапқы деректер жұмыстың негізгі бөлігіне енгізілмейді, қосымшаға шығарылады. Иллюстрациялық материалдың жалпы көлемі (суреттер, графіктер, кестелер) жұмыстың бүкіл көлемнің 30%-ынан аспауы тиіс.

6.11 Магистрлік диссертациятың қорытындысы өткізілген ғылыми зерттеудің жалпы қорытындысы (тұжырымы) болып табылады және магистрлік диссертацияның/жобаның бөлімдері бойынша қысқаша қорытындылардан тұрады.

6.12 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі және оларға жасалған сілтемелер Mendeley немесе Zotero бағдарламаларын қолдана отырып, GOST R 7.0.100-2018 немесе APA 6 стильдерінің талаптарына сәйкес рәсімделеді (Қосымша-8).

Диссертацияның қосымшалары магистрлік жұмыстың келесі параметарында жалғасы ретінде рәсімделеді және оларға сілтемелерді магистрлік диссертация/жоба мәтінінде келтіру тәртібімен орналастырылады. Жұмыстың қосымшасы диссертация/жобаның қалған бөліктерімен бірге жалпы беттердің ретімен номірленуі тиіс.

6.13 Магистрлік жоба бар білімді қолдануды, оның практикалық салаға ауыстырылуын, кәсіби саладағы қолданбалы мәселені шешуді көздейді. Жобаның нәтижелерін одан әрі теориялық және қолданбалы зерттеулер үшін де, кәсіби қызметтің түрлі салаларында тікелей қолдану үшін де пайдалануға болады.

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 7 – ші беті	

6.14 Магистрлік жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- 1) мұқаба (нөмірленбейді, Қосымша 5);
- 2) титул парагы (магистрлік жобаның бірінші беті, Қосымша 6);
- 3) мазмұны (беттерді көрсете отырып, Қосымша 7);
- 4) нормативтік сілтемелер;
- 5) белгілер мен қысқартулар;
- 6) кіріспе;
- 7) әдебиеттерге шолу;
- 8) зерттеу әдістері;
- 9) зерттеу нәтижелері және талдау;
- 10) қорытынды;
- 11) пайдаланылған әдебиеттер тізімі (Қосымша 8);
- 12) қосымшалар (қажет болған жағдайда).

6.15 Магистрлік жобаның негізгі бөлігінің мазмұнына қойылатын негізгі талаптар:

- 1) зерттеу саласы, жобаның мақсаты, зерттеу міндеттері және зерттеу қажеттілігінің негізdemесі берілуі тиіс;
- 2) магистрлік жобаның аспектілеріне тікелей қатысы бар салалардағы әдебиеттерге (журналдар, конференциялар жинақтары, кітаптар) шолу жасалып, теориялық фокус белгіленуі қажет;
- 3) қолданбалы зерттеу жүргізуде пайдаланылған зерттеу әдістері;
- 4) зерттеу нәтижелері (және талқылау): магистрлік жобаның негізгі бөлігінде тиісті білім саласының терминологиялық аппаратын пайдалана отырып, саланың нақты проблемасы бойынша ғылыми тілде жазылған байланыстыра және қысынды құрастырылған мәтін болып табылады. Осы бөлім аясында магистранттың мақсаты – бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасын менгеру барысында алған барлық құзыреттіліктерін ескере отырып, орындалған жобалық жұмыстарға қатысты рефлексивті ұстанымға ие болып, оның нәтижелеріне баға беру;
- 5) қорытынды – қорытындыны зерттеу алдына қойылған мәселелер мен жүргізілген теориялық шолуға сәйкес құрылымдау қажет;
- 6) пайдаланылған әдебиеттер – магистрлік жобада пайдаланылған әдебиеттер тізімі (Қосымша 8).

6.16 Белгіленген тәртіпте күеландырылған ғылыми жарияланымдардың және олардың көшірмелерінің тізімі (Қосымша 10).

6.17 Магистранттың бітіру жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар (Қосымша 13) көрсетілген.

6.18 Докторлық диссертацияны рәсімдеу үшін төмендегі сілтемені пайдалана аласыз: <https://www.ncste.kz/kz/gosudarstvennyie-standarty-i-pravila>

6.19 Магистрлік диссертацияны антиплагиаттан өткізбей тұрып, нормабақылаудан өтуі қажет.

## 7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу КП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

7.2 СМЖ күжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті	УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ереже	20 беттің 7 – ші беті

## 8. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

8.1 Осы Университет Ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітуге немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы шығарады (Университет Сенатының мәжілісі 2022 жылғы «26» қаңтардағы №6 хаттамасы). Университеттің I Вице-ректоры және университеттің ректоры тарапынан бекітіледі.

8.2 Осы Университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысына жүктеледі. Осы Университет Ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, ғылыми істер жөніндегі декан орынбасарларына, кафедра менгерушілеріне, магистранттар мен докторанттардың электронды поча адрестері бойынша жіберіледі.

8.3 Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

### КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму  
вице-ректор

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-  
ректоры

Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық  
байланыстар вице-ректоры

Пусат Пилтен

Заң бөлімінің басшысы

Г. Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және  
сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 9 – ші беті

Қосымшалар

Қосымша 1

*Mұқаба беттің рәсімдеу үлгісі*

# МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 10 – ші беті	

Қосымша 2

*Титулдық беттің рәсімдеу үлгісі*

**Ф-ОБ-003-018** (Колонтиулға, тек титуль бетке қойылады)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**Жаратылыстану ғылымдары факультеті**

ӘОЖ

Нақып Алдияр Мадиярұлы

МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНІҢ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

**М010-Математика педагогтерін даярлау  
«7М01547-Математика»  
білім беру бағдарламасы бойынша  
педагогика ғылымдарының магистрі  
дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік диссертация**

«\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ ж. № СБ - \_\_\_\_\_ бүйрық негізінде қорғауға жіберілді.

Кафедра менгерушісі:

\_\_\_\_\_

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

Аты-жөні

Ғылыми жетекшісі:

\_\_\_\_\_

(қолы)

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

Аты-жөні

Түркістан, 20 \_\_\_\_\_ ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттін 11 – ші беті

Қосымша 3

*Мазмұнын рәсімдеу үлгісі*

## МАЗМҰНЫ

### Аннотация (3-тілде)

Нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)

Анықтамалар (қажет болған жағдайда)

Белгілер мен қысқартулар

### КІРІСПЕ

#### 1. БӨЛІМ АТАУЫ

3 не 4

1.1 Бөлімше атауы

1.2 Бөлімше атауы

...

#### 2. ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ/ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Бөлімше атауы

2.2 Бөлімше атауы

...

#### 3. БӨЛІМ АТАУЫ (ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ)

3.1 Бөлімше атауы

3.2 Бөлімше атауы

3.3 Бөлімше атауы

...

## ҚОРЫТЫНДЫ

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

60

### ҚОСЫМШАЛАР

65

Ескерту: Мазмұндағы бөлім және бөлімше беттері шартты түрде берілген.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттін 12 – ші беті	

Қосымша 4

## Аннотация

## Abstract

## Özet

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 13 – ші беті	

Қосымша 5

*Mұқаба беттің рәсімдеу үлгісі*

## МАГИСТРЛІК ЖОБА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 14 – ші беті

Қосымша 6

*Титулдық беттің рәсімдеу үлгісі*

**Ф-ОБ-003-018** (Колонтитулға, тек титуль бетке қойылады)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

\_\_\_\_\_ факультеті

ӘОЖ

Нақып Алдияр Мадиярұлы,  
Амиртаев Батырхан Нуржанович

**МАГИСТРЛІК ЖОБА ТАҚЫРЫБЫНЫҢ АТАУЫ**

М071-Мемлекеттік және жергілікті басқару  
«7M04143-Адам ресурстарын басқару» білім беру бағдарламасының бейінді бағыты  
бойынша бизнес және басқару магистрі  
дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік жоба

«\_\_\_\_» \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. № СБ - \_\_\_\_\_ бұйрық негізінде қорғауга жіберілді.

Кафедра менгөрушісі: \_\_\_\_\_

(колоы)

Ғылыми жетекшісі: \_\_\_\_\_

(колоы)

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

Аты-жөні

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы

Аты-жөні

Түркістан, 20 \_\_\_\_ ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 15 – ші беті

Қосымша 7

*Мазмұнын рәсімдеу үлгісі*

## МАЗМҰНЫ

**Аннотация (3-тілде)**

**Нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)**

**Белгілер мен қысқартулар**

**КІРІСПЕ** (зерттеудің өзектілігі, жобаның мақсаты мен міндеттері) 3 не 4

**ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ** (магистрлік жоба тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу)

**ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРИ** (қолданбалы зерттеу жүргізілген әдістер, олардың таңдау себебін негіздей отырып)

**ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРИ ЖӘНЕ ТАЛДАУ** (зерттеу тақырыбы бойынша деректерді талдау, алынған нәтижелерге қатысты авторлық ұстанымы)

**ҚОРЫТЫНДЫ** (жүргізілген зерттеу бойынша негізгі тұжырымдамалар)

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** (жобада пайдаланылған әдебиеттер тізімі) 40

## ҚОСЫМШАЛАР

45

Ескерту: Мазмұндағы бөлім беттері шартты түрде берілген.

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 16 – ші беті	

Қосымша 8

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (GOST R 7.0.100-2018)

- Мовсесян А. Г. Интеграция банковского и промышленного капитала: современные мировые тенденции и проблемы развития. – М.: Финансы и статистика, 1999. – 444 с.
- Петров А. Н. Финансово-промышленные группы: мировые тенденции и национальные особенности // Мировая экономика и международные отношения. – 2004. – № 4. – С. 45–60.
- Проблемы исследования современного финансового капитала: сб. научных трудов. Ин-т мировой экономики и международных отношений РАН // Отв. ред. А. В. Аникин. – М., 2003. – С. 234–343.
- Управление проектами: учеб. пособие / П. С. Гейзлер, О. В. Завьялова. – Минск: БГЭУ, 2005. – 255 с.
- Аймағанбетова О. Х. Экономикалық психология: оқулық. – Алматы, 2005. – 179 Б.
- Андарова Р. К. Теория и стратегия экономического роста в условиях рынка: дис. ... д-ра экон. наук. – Алматы, 2002. – 300 с.
- Ахметова Г. М. Қазақстан Республикасының экономикасындағы ақша-кредиттік реттеу құралдары: автореф., з.ф.к. – Астана, 2001. – 23 Б.
- Сурин А. В. Десять лет подготовки управленческих кадров в Московском университете: опыт и проблемы. – <http://www.27 мая 2007 г.>

немесе

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (APA 6 стилі)

- McCartney, G., Hearty, W., Arnot, J., Popham, F., Cumbers, A., & McMaster, R. (2019). Impact of Political Economy on Population Health: A Systematic Review of Reviews. *American journal of public health*, 109(6), e1–e12. <https://doi.org/10.2105/AJPH.2019.305001>
- Tangcharoensathien, V., Thammatach-Aree, J., Witthayapipopsakul, W., Viriyathorn, S., Kulthanmanusorn, A., & Patcharanarumol, W. (2020). Political economy of Thailand's tax-financed universal coverage scheme. *Bulletin of the World Health Organization*, 98(2), 140–145. <https://doi.org/10.2471/BLT.19.239343>
- Серков, Л.А. (2009). Анализ применения понятий "равновесная экономика" и "неравновесная экономика", "устойчивое развитие" и "неустойчивое развитие". *Экономический анализ: теория и практика*, 16(145) 31–37. <https://elibrary.ru/item.asp?id=12223486>
- Айнабек, Қ.С. (2004). Қоғамдық шаруашылық жүргізу теориясы (экономикалық теорияға және экономикске балама). *Жемі жарғы*, 232–236.
- Gerasimenko, D., & Mazerolle-Castillo, E. (2022). Chapter 17 - Awareness-led social lab on circular economy in Switzerland: Exploring serendipity. In A. Stefanakis & I. Nikolaou (Eds.), *Circular Economy and Sustainability* (pp. 309-333): Elsevier. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-819817-9.00025-9>

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 17 – ші беті	

Қосымша 9

Ф-ҒБ-001/013

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
факультеті

**M010-Математика педагогтерін даярлау «7M01547-Математика» білім беру бағдарламасының магистранты**

**Нақып Алдияр Мадиярұлының  
ғылыми еңбектері мен ашылымдар ТІЗІМІ**

№	Ғылыми еңбектің атауы	Баспа немесе қол жазба құқығында	Баспа, журнал (атауы, №, жылы, беттері), авторлық қуәліктің, патенттің №	Көлем i (б.т.)	Қосымша авторлардың аты-жөні
1	2	3	4	5	6

**SCOPUS және WEB OF SCIENCE деректер корына кіретін шетелдік ғылыми басылымдардағы мақалалар**

2.	Judicial law making mechanisms as a source of law	Баспа	// «Ad Alta – Journal of Interdisciplinary Research» (Czech Republic), ISSN 1804-7809. – 2019. – V.9. – Iss.1. – P. 96-101. – Special Issue: 7.	0,44	T.Agdarbekov B.Nakipov
----	---	-------	---	------	---------------------------

**ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдардағы ғылыми мақалалар**

1.	ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларының заңдық сипаты және олардың сот төрелігін жүзеге асырудагы тиімділік рөлі	Баспа	// ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. –Алматы. - №1 (53). - 2010. - 81-85 бб.	0,2	
----	--	-------	--	-----	--

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы ғылыми мақалалар**

3.	Normative statements of supreme court of Republic of Kazakhstan as a basic source of law	Баспа	// International Conference Bridge to science: research works. Conference Proceedings. B&M Publishing, ISBN 978-1-941655-93-1. April, 15, 2019, - San Francisco, California, USA. - 10-14 pp.	0,35	
----	--	-------	---	------	--

Ғылыми хатшы

А.Абибуллаева

(қолы)

Ғылыми жетекшісі

М.Кошанова

(қолы)

Магистрант

А.Нақып

(қолы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 18 – ші беті	

Қосымша 10

Ф-ОБ-003/024

факультеті

**ББ шифры, атауы  
білім беру бағдарламасының магистранты**

**(аты-жөні)  
НОРМАБАҚЫЛАУ өткендігі туралы листі**

№	Объект	Параметрлері	Сәйкес келеді+, сәйкес емес -
1	2	3	4
1.	Бекітілген тақырып атауы	Бекітілген тақырыпка сәйкес келеді	
2.	Шрифт размері	14 шрифтпен	
3.	Орындалған шрифт	Times New Roman	
4.	Жол аралығы (межстрочный интервал)	Одинарный	
5.	Бірінші жол шегінісі (отступ)	1,0 см	
6.	Поля	сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм.	
7.	Бет саны	60 беттен кем болмау керек	
8.	Бетті нөмірлеу	Араб сандарымен нөмірлеу	
9.	Мұқаба		
10.	Титул параграфы	Титул бетіне нөмір қойылмайды	
11.	3 тілдегі аннотация	Орысша Ағылшынша Түрікше	
12.	Жұмыстың құрылымдық элементтерінің реттілігі	Аннотация Мазмұны Нормативтік сілтемелер Анықтамалар Белгілер мен қыскартулар Кіріспе Кіріспе бөлімінің көлемі Негізгі бөлімнің көлемі 1-бөлім 2-бөлім 3-бөлім Корытынды Пайдаланылған әдебиеттер тізімі Әдебиеттердің саны Қосымшалардың болуы	
13.	Құрылымдық бөліктерді бәзендей	Әр тарауы жаңа параптан (беттен) басталуы қажет	
14.	Пайдаланған дерек көздеріне сілтемелер	ГОСТ немесе АРА стилі бойынша	
15.	Кестелер		
16.	Суреттер		

**Ғылыми кадрларды даярлау және  
аттестаттау бөлімінің жетекші маманы**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 19 – ші беті	

Қосымша 11  
Ф-ОБ-003/019A

*ББ шифры, атауы*  
**«магистрі дәрежесін алу үшін**

*аты-жоні*

«

»

**тақырыбына жазылған магистрлік диссертация жұмысына**

### **ЖЕТЕКШІНІЦ ПІКІРІ**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі:
2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі:
3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы:
4. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі:
5. Диссертацияны қорғауға жіберу ( немесе жібермеу) туралы ұсыныс.

### **Пікір беруші**

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, жұмыс орны, қызметі

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.

қолы \_\_\_\_\_

М.О.

Ескерту: жетекші қолымен және кадр мөрімен расталады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ереже		20 белттің 19 – ші беті

Ф-СМБ-004

ҚОСЫМША 11

Танысу парагы

№	Аты-жөні	Кызметі	Мерзімі	Қолы
	Кемеліев Ф.Х	декан	14.02.22	(Дж)
	Байдырақбеков С.Б	декан	14.02.22	С.Б.
	Бершишбеков К.М	декан	14.02.22	К.М.
	Адилов С.	рұсақ	14.02.22	(С.)
	Баксанов Г.Б.	декан	14.02.22	Г.Б.
	Насан Сабитов	декан	21.02.22	Сабитов
	Жұматаліев Ш.	декан	21.02.22	Ш.
	Нұрсуліков Б	декан	27.02.22	(Б.)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 20 – ші беті	

Қосымша 12  
Ф-ОБ-003/019

*ББ иифры, атауы*  
**«магистрі дәрежесін алу үшін»**

*аты-жөні*

«**тақырыбына жазылған магистрлік диссертация жұмысына**»

### СЫН ПІКІР

1. Зерттелетін материалдың құрылымы мен баяндалу нысаны туралы жалпы мәліметтер:
2. Зерттеу қорытындысының бітіру жұмысында көрініс табуы:
3. Ескертулер мен ұсыныстар:
4. Жұмыс бағасы:

### Сын пікір беруші

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, жұмыс орны, қызметі

«\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ ж.

қолы \_\_\_\_\_

М.О.

Ескерту: сын пікір беруші қолымен және кадр мөрімен расталады.

*Ф-СМБ-002**КОСЫМША 12***Өзгерістерді тіркеу парағы**

№ р/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім	Парақ номірі	Аудыстырылған	Жаңа	Есептен шығарылған	Кағаз саны	Өзгерістерді Жүзеге асыратын тұлға
1	Күжат № бүйрек	Өзгерілген	Аудыстырылған	Жаңа	Есептен шығарылған	Кағаз саны	Аты-жоні
2	Жибекжыл 3,4, 5,6,7 Жина касашт. дис. жай №8 жай- туралы Гана 24.04.23	5 5 5 20 бел 24.04.23	mitz 5 белі	20 бел 24.04.23	Дасқыбаева Гад. Г.А.		
	Жибекжыл 6,3,6,4, 6 5 дис. жай №8 жай- жос. 4, туралы Гана жос. 7, 24.04.25 жос. 11	6 4 1	mitz 6 белі	20 бел 24.04.25	Доссолов Ай. А.Е.		

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 21 – ші беті

Қосымша 13

### Магистрлік диссертацияны/жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

Магистрлік диссертация / жоба A4 пішіміндегі ак қағаз парағының бір жағында бір интервалмен, Times New Roman қарпімен 14 шрифтпен орындалуы тиіс. Магистрлік диссертацияның көлемі кемінде 60 бет құрауы тиіс. Бет саны ББ ерекшелігіне байланысты болады. Магистрлік жобаның көлемі – кемінде 40 бет.

Магистрлік диссертация/жобаның мәтінін жиектердің келесі өлшемдерін сақтай отырып басу қерек: сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм. Бірінші жол шегінісі (отступ) 1,0 см тең болады.

Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтерінің «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Негізгі бөлім», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі», «Қосымшалар» және т.б. атаулары магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

Магистрлік жобаның құрылымдық элементтерінің «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Әдебиеттерге шолу», «Зерттеу әдістері», «Зерттеу нәтижелері және талдау», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі», «Қосымшалар» және т.б. атаулары магистрлік жобаның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

Магистрлік диссертация/жобаның әрбір бөлімі мен бөлімшелері аяқталған ақпараттан тұруы қажет. Бөлімдердің атаулары магистрлік диссертацияның/жобаның тақырыбын ашып көрсетуі, ал бөлімдердің (параграфтардың) атаулары сәйкес бөлімдердің тақырыбын ашып көрсетуі тиіс.

Бөлімдер мен оны құрайтын бөлімшелердің (параграфтардың) атаулары олардың мазмұнын нақты және қысқаша дәріптеуі тиіс.

Бөлімдер азат жолдан (абзацтан) кейін бас әріппен, аяғында нұктесінде қоймай, астын сыйбай жазылуы қажет. Егер де атаулар екі сөйлемнен тұrsa, оларды нұктемен бөледі. Бөлімшелер атауы азат жолдан кейін кіші әріппен аяғында нұктесінде қоймай, астын сыйбай жазылады.

Магистрлік диссертация/жобаның беттерін араб сандарымен нөмірлеу қажет. Беттің нөмері қағаздың төменгі жағының ортасына нұктесінде қойылады.

Титул беті жалпы беттердің нөмірленуіне қосылады. Титул бетіне нөмір қойылмайды.

Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар және кестелер магистрлік диссертация/жобаның беттерінің жалпы нөмерлеріне қосылады.

Магистрлік диссертацияның/жобаның бөлімдерінің нұктесінде қойылған реттік нөмірлерімен басталуы тиіс. Бөлімдер бөлімшелер аясында нөмірленуі қажет. Бөлім нөмірі, нұктемен бөлінген бөлім мен оны құраушы бөлімшелер нөмірлерінен тұрады. Бөлім нөмірінен кейін нұктесінде қойылмайды. Бөлім екі немесе одан көп бөлімдерден тұрады.

#### Мысалы

1. (теориялық; талдау шолуы, т.б.)

1.1

1.2

1.3

Күжаттың бірінші бөлімдегі бөлімшелердің  
(параграфтардың) нөмірленуі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі		20 беттің 22 – ші беті

2. (әдістемелік; жасалынған немесе ұсынылған моделдерді негіздеу, т.б.)

2.1

2.2

2.3

} Құжаттың екінші бөлімдегі бөлімшелердің  
(параграфтардың) нөмірленуі

3. (практикалық жүзеге асырылуы; техника-технологиялық; экономикалық, т.б.)

3.1

} Құжаттың үшінші бөлімдегі бөлімшелердің  
(параграфтардың) нөмірленуі

ББ ерекшеліктеріне қарай магистрлік диссертация/жоба екі не оданда көп білімнен тұруы мүмкін.

Магистрлік диссертация/жобаның әр бөлімі жаңа параптан (беттен) басталуы қажет. Бөлімдердің атауы қою бірінгай бас әріппен, бөлімшелердің атауы қою кіші әріптермен жазылуы керек. Бөлімнің атауынан кейін бөлімшениң атауы бір жол тастап, келесі жолға абзац арқылы жазылады. Бөлімшениң атауынан кейін мәтін келесі бір жол тасталып жазылады. Бір бөлімнің ішіндегі бөлімшелер мәтіннен екі жол төмен түсіріліп, бөлінеді.

Магистрлік диссертация/жобадағы иллюстрациялар (сызбалар, карталар, кестелер, схемалар, диаграммалар, түсірілген суреттер) ескертілген мәтіннен кейін немесе келесі беттерде орналасуы керек. Иллюстрациялар компьютермен де түрлі-түсті жолмен де орындалуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер болуы қажет.

Қосымшадағы иллюстрациялардан басқа иллюстрациялар араб сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс. Егер сурет біреу болса, онда ол Сурет 1, Сурет сөзі және оның аталуы жолдың ортасынан жазылуы тиіс.

Иллюстрацияларды бөлімдер шеңберінде (ішінде) нөмірлеуге болады. Мұндай жағдайда иллюстрациялар нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады. Мысалы: Сурет 1.1.

Иллюстрациялардың қажет болған жағдайда, атаулары мен қоса түсіндіретін мәліметтері болуы мүмкін. Сурет астындағы мәтін, бұл жағдайда былай жазылады (ортада):

Сурет 1 - Банк жүйесінің құрылымы.

Сурет 1 - Инновациялық оқыту технологиясының даму тенденциясы

Иллюстрацияға сілтеме жасау барысында нөмірлеуде жақшала (2-суретке сәйкес) деп жазу қажет, басынан аяғына дейін ал бөлім бойынша нөмірлеуде (1.2 суретіне сәйкес) болуы тиіс.

Кестелер көрнекілік ретінде және көрсеткіштерді салыстыру мақсатында қолданылады. Кестелердің атаулары оның мазмұнын ашу керек. Дәл, қысқаша болуы тиіс. Кестелердің атауын кестеден жоғары, жолдың енінен абзаңтан кейінгі (Кесте 1) сөзінен соң келесі жолға орналастыру керек.

Кестені өзі ескертілген мәтіннен кейін орналастыру қарастырылады.

Барлық кестелерге магистрлік диссертация/жобада сілтемелер болуы тиіс. Сілтеме қоюда (кесте) деп немірлері көрсетіліп жазылуы қажет.

Көп жол мөлшердегі кестені келесі паракқа (бетке) көшірге болады. Кесте бөлігін келесі паракқа (бетке) көшіру барысында «Кесте» сөзі және немірі бір рет кестенің бірінші бөлігінің сол жағына, ал келесі бөлігінде «Жалғасы» сөзі жазылады және кесте

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	20 беттің 23 – ші беті

**Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша  
диссертация/жоба дайындау туралы ережесі**

нөмірі көрсетіледі, мысалы: «1-кестенің жалғасы». Кестелерді келесі парақта (бетке) көшіру барысында тақырыбы тек қана бірінші белігінің үстіне орналастырады. Кестенің бөлігін көшіруде кестені шектейтін төменгі көлбеу сзызық сзызылмайды. Бірінші жағдайда былай жазылады (сол жағында):

Кесте 1 - Дәстүрлі және инновациялы білім беру мекемелерін салыстыру сипаттамалары  
Екінші немесе кесте жалғасында былай жазылады:

*I-кестенің жалғасы*

Көп мөлшерлі графалы кесте қосымшаға енгізіледі.

Егер де кестенің әр түрлі жолдарындағы қайталанатын (графаларда) мәтін бір сөзден тұрса, онда ол бірінші жазылғаннан соң, тырнақшамен ауыстырылады; егер екі немесе көп сөзден тұрса, онда бірінші қайталанғаннан соң, оны «ол да солай» сөзімен ауыстырады, әрі қарай - тырнақшалармен. Қайталанып тұрған сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақшалар қоюға болмайды. Егер әріптік және былайғы мәліметтер қандай да кесте жолдарында келтірілмесе, онда оған сзызықша қойылады.

Қосымшаға шығарылған кестелерден басқа, кестелер арап сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс.

Бөлімдер ішіндегі кестелерді нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда кестелер нөмірі нүктемен бөлінген бөлімнің нөмірінен және кестенің реттік нөмірінен тұрады.

Кесте жолдары және графа атаулары жекеше түрде бас әріппен жазылады, ал графаның тақырыпшалары, егер тақырыпша бір сөйлемнен тұрса, тармақша әріптермен немесе егер олар дербес мағынаға ие болса, бас әріппен жазылады. Кестенің тақырыбы мен тақырыпшасынан кейін нүктесінде қойылмайды.

Кестелердің сол жағынан, оң және төменгі жағынан, ережедегідей, сзызықпен шектелуі тиіс. Кестелердің шрифт мөлшерін, мәтіндегіден кем алуға рұқсат беріледі.

Графалардың аты, ережедегідей, кесте жолына қатарлас жазылады. Қажет болған жағдайда графалардың атын перпендикуляр орналастыруға рұқсат етіледі. Кестенің басы кестенің қалған бөлігінен жеке сзызықпен бөлінуі тиіс.

«Ескеरту» сөзі абзацтан бас әріппен жазылуы және сзызылмауы тиіс.

Егер мәтін мазмұнына, кесте немесе графикалық материалдарға түсінік не анықтамалық мәліметтер қажет болса, магистрлік диссертация/жобаға ескерту енгізіледі.

Ескертуді ескерту катысты мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеге орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сзызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер арап сандарымен рет-ретімен нүктесіз нөмірленеді. Кестелер бойынша ескерту кестенің аяқталуын білдіретін соңғы сзызықтың үстінен жазылады.

Формулалар және теңдеулер мәтіннен басқа жеке жолға бөліп көрсетіледі. Эрбір формулалар және теңдеулердің жоғары және төменгі жағынан бос, бір жолдан кем емес орын қалдыру қажет. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдеу тендік таңбаларынан кейін (=) немесе қосу белгісінен кейін (+), алу (-), көбейту (X), бөлу (:), немесе математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс және келесі жолдардың басында таңба тағы қайталанады.

Символдар мен сандық коэффиценттердің мағыналарын түсіндіру формулаға сәйкес келтіріліп, формулауда берілген бірізділікпен жүргізілу керек.

Магистрлік диссертация/жобадағы формулаларды реттік нөмірлермен нөмірлеу барлық жұмыс шегінде дөңес жақшага алынып, арап сандарымен оң жақ шетте бір жолда қарастырылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-076-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі	20 беттің 24 – ші беті	

Мәтіндегі өрнектердің реттік нөміріне сілтеме жақшага алынып жасалады. Мысалы – (1) формулада.

Бөлімді құрайтын тақырып шегінде (ішіндегі) формулаларды нөмірлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда формула нөмірлері нұқтемен бөлінген бөлімнің нөмірлері мен формулалардың реттік нөмірінен тұрады, мысалы (1.2.3).

Пайдаланған дерек көздеріне сілтемелер ГОСТ немесе APA стилі бойынша жазылады.

Дерек көздері туралы мәлімет магистрлік диссертация/жоба мәтініндегі дерек көздерінің сілтемелерінің жасалу реті ГОСТ немесе APA стилі бойынша орналасу керек және абзацтан кейін араб сандарымен нұқтемен нөмірленеді.

Қосымшалар осы магистрлік диссертация/жобаның жалғасы ретінде келесі парактарына рәсімделеді.

Магистрлік диссертация/жобаның мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме болуы тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтемелердің ретіне қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс. Қосымшаның аты болуы қажет, ол жеке жолға, мәтінге симметриялы түрде бас әріппен жазылады. Егер магистрлік диссертация/жоба бір қосымшадан тұрса, онда белгілемей жіберіледі.

Қосымшалардың магистрлік диссертация/жобаның қалған бөлімдерімен басынан басталатын ортақ нөмірлері болуы тиіс.